


XX ғасырдың екінші жартысындағы өнер бағыттары

Абстракттілі экспрессионизм (Abstract Expressionism), 1940 жылдың аяғында пайда болған АҚШ бейнелеу өнеріндегі ағым. А.Горьки, Х.Хоффманның радикальды шығармашылықтарының әсерімен және 1930 жылдың аяғы мен 1940 жылдың басында Нью-Йоркқа қоныс аударған еуропалық көптеген суретшілердің алғы легінің арқасында дамыды. Әдетте абстракттілі экспрессионизм ағымы 1940 жылдардың аяғы мен 1950 жылдардың басында Дж. Поллокпен В.Кунингілердің кенепке салған суреттерінен бастау алды деп есептелінеді. Ф.Клайн, М.Ротко, К.Стилл, Филип Гастон, Э. Франкенталер, Б.Ньюмен, Адольф Готтлиб, Р.Мозервелл, Ли Краснер, Эд Рейнхардт та осындай стильде сурет салған суретшілердің қатарына жатады. Ағым көптеген стильдерді біріктірді, бірақ өзіне тән бірнеше сипаттары да бар (яғни табиғатта жоқ пішіндерді суреттеді); олар әсершіл көріністерге, техника мен орындауға еркіндік берді; құрылымсыз кеңістікте бейнелерді біртұтас, үндестігі сақталған, бөлінбес бөлшек етіп көрсетті; суреттің көңілге ғажайып, монументалды әсер қалдыруы және тартымдылық күшін арттыру үшін үлкен кенептерді пайдаланған. Ағымның 1950 жылдары еуропалық және американдық өнерге ықпалы зор болды; бұл заманауи бейнелеу өнері шығармашылық орталығының Парижден Нью-Йоркке ауысуы деген ұғымға негіз болды.

Абстракттілі экспрессионизм



В.В.Кандинский
«Наплыв
импровизации»



П.Мондриан
«Деревья в цвету»



К.С.Малевич «Супрематизм»



Джексон Поллок, дріппінгу процесі

Бояуды холст устіне сілку арқылы салатын.



Дж. Поллок
«Волнистые линии»



Дж. Поллок
«Алхимия»



Дж. Поллок
«№ 15»



Арчи Горки
«Композиция в
красном»



Арчи Горки
«Сад в Сочи»

Еуропа өнер мектептерінде-авангард,
модернизм,постмодернизм қаланды.
Авангард бағыттарына:

1. абстракционизм
2. кубизм
3. фовизм
4. супрематизм
5. сюрреализм
6. конструктивизм
7. экспрессионизм

жатады.

Абстракционизм (ағылш. abstractio — дерексіздік, бөлініс, оқшаулық) — қазіргі заман өнеріндегі қоршаған ортаны бейнелеуде нақты қаттарды ескермейтін ағым. Абстрактілі өнер шындықты тікелей керсетпейтіндіктен, оны кейде «затсыздандырылған», деп айтады.

Ол үшін бейнеленетін нерселердің көркемдік бітімдері (кеңістіктегі формалары, аумағы, бояуы, т.б.) маңызды емес, бірінші орынға суреткер-тұлғаның субъектілік көңіл-күйі шығады.

Абстракционизм 1910 ж. Мюнхенде, Амстердамда, Мәскеуде шамамен бір уақытта қалыптасты да, 1930 ж. Париж бен Нью-Йоркте кеңінен өрістеді. Абстракционизмнің эстетикалық бағдарламасын 1910 ж. В.Кандинский «Өнердегі руханилық туралы» еңбегінде айқындап берді.

Абстракционизм екі бағытта дамыды: оқыс бояулар мен кескіндердің қиюласуын үйлесімді етуге ұмтылу және геометриялық абстракцияларды құрастыру.



А.Ланской
«Симфония»



Жан-Поль Риопель «Без названия»



С.Поляков
«Красный,
зеленый и
голубой»

Біріншісі экспрессионизм және фовизм тәрізді ағымдармен түбірлес болып, түсті заттық шындықтан толық ажыратқысы келді.

Осы бағытта Оп-Арт деп аталатын, бояудың қиюластығын елестететін музыкалық және басқа да ассоциациялардан туатын синестезия идеясына негізделген ағым пайда болды. Бұл түрдегі абстракционизмнің кубизммен ортақ шыққан тегі бір болғанымен, одан айырмашылықтары да болды. Абстракционизмнің осы бағытының тармақтары бірнеше: М.Ларионовтың сәулешілдігі, К.Малевичтің супрематизімі, Л.Попованың стиль тобы.

1917 жылы Голландияда жаңа пластицизм идеясын ұсынды: геометриялық бітімдердің анықтылығы, айқындылығы және қарапайымдылығы табиғат ретсіздігінен жоғары тұрады. Абстракционизмнің кейбір көріністері дадаизм мен сюрреализм өкілдерінің кейбір шығармаларынан байқалады. Екі дүниежүзілік соғыс арасында Францияда әр ұлттың және әр бағыттың өкілдерін біріктірген абстракционизм топтары болды: «Нақты өнер», «Шеңбер мен төртбұрыш», «Абстракция мен шығармашылық».

50 жылдан бастап АҚШ-та «абстракті экспрессионизм» (М.Ротко, Л.Горки, Дж.Поллок т.б.) деп аталатын, өз әдістерін «таза психологиялық автоматизм» деп жариялаған мектептер пайда болды.



Морис Луис
«Nun»

Э. Франкенталер
«Magic Carpet»



Абстракционист — кескіндемешілер заман динамикасын білдіретін өзіндік әдістер мен тәсілдер қалыптастырды, олар бүгінгі күні дизайнда, театр, кино мен теледидарда және бөлмелер интерьері мен қызметтік офистерді көркемдеуде кең қолданыс тауып келеді. Көркемдік форманың қандай да ккріністерінен (фактура, аумақ, бояу) бас тартқан абстракті өнердің алғашқы үлгілерін Германияда В.В.Кандинский, Францияда Р.Депоне, Испанияда Ф. Пикабия, Ф.Купха, Ресейде К.С.Малевич, М.Ф.Ларионов, Н.С.Гончарова, Нидерландтағы жаңа пластикалық өнер өкілдері П.Мондариан, Т. ван Дусбюр] т.б. жасады. 1-дүние жүзілік соғыстан кейін Абстракті өнер көріністері дадаизм мен сюрреализм өкілдерінің жекелеген шығармаларынан байқалды. Сонымен бірге архитектурада, безендіру өнерінде бейнесіздікке ұрыну, математикалық және инженерлік талаптарға бағынатын құрылыстар салу бағыты пайда болды (“Стиль”, “Баухауз” топтарының тәжірибесі). 1930 жылы басында негізінен Францияда әр ұлттың және әр бағыттың суреткерлерін біріктірген абстракті өнер топтары болды (“Нақты өнер”, 1930 ж; “Шеңбер мен төртбұрыш” 1930; “Абстракция және шығармашылық” 1931 жылы). Бірақ абстракті өнер ол кезде кең қанат жая алмады, 30 жылдардың ортасында бұл топтар ыдырап кетті. 2-дүние жүзілік соғыс жылдарында АҚШ-та “абстракті экспрессионизм” (кескіндемешілер Дж.Поллок, М.Тоби т.б.) деп аталатын, өз әдістерін “таза психологиялық автоматизм” деп жариялаған, оқыс бояулар мен кескіндердің қиюласуын дәріптеген мектептер пайда болды. 50 жылдары абстракті өнер көркемөнердегі негізгі түрлердің біріне айналды. 60 жылдардың ақырына дейін Абстракті өнер ресми танылған жоқ, сыңаржақ бағаланды. Қатаң идеологиялық қысымға қарамастан абстракті өнердің әр түрлі бағыттары пайда болды.

Поп-арт (ағылш. pop art - көпшілік өнер) - 20 ғасырдың 50 жылдары ортасында пайда болған ағылшын-американдық өнердің бір бағыты. Оның теор. негізгі прагматизм эстетикасы болып табылады ("өнер тілі іс жүзінде қолдануға пайдалы болуы керек"). Бірқатар сыншылар Поп-артты абстракционизмге реакция ретінде қарастырады. Поп-арт теоретиктері әрбір бұйым белгілі бір контексте өнер туындысына айналады, өзінің алғашқы мағынасынан ажырап, көркемдік сапаға ие болады деп санайды. Заттық дүниені эстетикаландыру Поп-арттың ұстанымына айналған. Поп-арт - бұл тұрмыстық бұйымдардың композициясы. Кейде олар муляжбен (заттың бітімін дәл беретін бедер) немесе мүсінмен ұштасуы (бірлесіп бейнеленуі) мүмкін. Оның теориялық негізі прагматизм эстетикасы болып табылады: өнер тілі іс жүзінде қолдануға пайдалы болуы керек. Көркем бағыт ретінде Поп-арттың көптеген түрлері бар. Поп-арт (көркем ұйымдастырылған оптик. әсерлер, геометрияландырылған тұзу сызықтар мен дақтардың комбинациясы); Эл-арт (электромотор көмегімен қозғалатын бұйымдар мен конструкциялар); Поп-арт терминін 1965 ж. ағылшын көркемөнер сыншысы Ф.Элоуэл енгізді. Бұл бағыт сәуегейлік мәдениеттің ең көп таралған құбылыстарының бірі. Поп-арт ағымының өкілдері: П.Блейк, Р.Смит, Р.Раушенберг, Э. Уорнхолл, Д.Сигал, т.б.[1][2]

Поп-арт



- Гиперреализм-неовангардттық бағыт. Фотосуреттің масималды шындық бейнесіне талпынады.




Скотт Прайор

- Концептуализм - схоластикалық философиялық бағыт; өкілдері - Абельяр, Иоанн Солсберийский және басқалар. Бесаспап заттар туралы айтыста концептуалистер номиналистер (Номинализм) секілді реализм ілімінен (Орта ғ. Реализм) бас тарта отырып, жекелеген заттарға тәуелсіз, нақты ортақ нәрсенің болатындығын теріске шығарды, алайда номиналистерден өзгешелігі - ақыл-ойда жалпылама ұғым-түсініктердің, ақиқатты танып-білудің ерекше формасы ретіндегі концепттердің болатынын мойындады. Кейіннен Локк та концептуализм айқындамаларына жақын болды.



В.Н.Заваровский
«Анатомия души»

Оп-арт жанрының басты мақсаты- көзді алдап, мүмкін емес образды шақыру. Визуалды карама-қайшы конфигурация шын форма мен көрініп тұрған форма арасында конфликт тудырады. Оп-арт адам көпцепциясына қарсы жүреді. Психологтардың зерттеулері адамның көзі шашылып жатқан бейнелерді қарапайым системаға біріктіріге тырысатындығын көрсетті(гештальт). Вазарелидің "Сверхновые" жұмысында екі бірдей, әрі, контрастты денелер қозғалатын жарық әсерін туғызады, сурет бетіндегі тор алыстайды да қатып қалады. Ал, шаршылар мен шеңберлер жоғалады да, әртүрлі нүктелерде пайда болады.



Виктор Вазарели